

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК  
«Бағдарламалау» бөлім жиналысының  
№3 ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар саны: 20

Өткізілген күні: «7» «11» 2024ж.

Өткізілген орны: 225

**Күн тәртібінде:**

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында оқытушылармен, студенттермен, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы;
3. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне балалардың қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар туралы, Заңның баптары;
4. Топ жетекшiлерiне топ студенттерi және олардың ата-аналарымен тығыз жұмыс жүргiзулерiн жалғастыру;
5. Әр түрлi сұрақтар

**Тыңдалды:**

Бөлім меңгерушісі Е.Досжанов сөз алып күн тәртібімен оқытушыларды және топ жетекшілерін таныстырып, жиналысты ашты. 2024-2025 оқу жылының I – семестрінің барысы бойынша түсіндірме жұмыстары атап айтқанда студенттердің сабаққа түгел әрі толық қатысуы, киім үлгісі, ішкі мәдениетті қатаң сақтау мәселелеріне тоқталып өтті.

Күн тәртібіне сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселесі қарастырылды. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жүйесінде негізгі буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына ілеспе жағдайлар мен себептерді анықтау және азайту болып айқындалды. Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлық себептері мен жағдайларын болдырмау мақсатында бөлімнің барлық оқытушылары мен топ жетекшілері, топ студенттерімен түсіндірме жұмыстары толық жүргізілу керектігі айтылды. Бөлім меңгерушісі Е.Досжанов сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бөлігінде қылмыстық кодекс пен ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің нормалары жайлы түсіндірді. Ата-аналар мен білім алушылар үшін ақша қаражатын жинауға жол бермеуге тұрақты түрде жұмыс атқарып отыру топ жетекшілеріне тапсырылды. Сонымен қатар, «Политехникалық колледжінің» I қабатында «Сенім жәшігі» орналасқаны және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың барлығы әлеуметтік желілерде орналасқаны туралы хабарландыруды ескеруді, топ студенттеріне үнемі ескеріп отыру тапсырылды. «Бағдарламалау» бөлімі бойынша комплеан-қызмет жұмыс тобының мүшесі, оқытушы М.Мамырбекова сөз алып, ақша қаражатын жинауға жол бермеу туралы 2022 жылдың 26 қыркүйек күні шығарылған №170 бұйрық туралы педагогтарға, білім алушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) таныстыру мәселелері бойынша жұмыстар жүргізіп жақаны туралы айтты.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сабақтан тыс уақытында, демалыс және мереке күндерінде ата – аналар оқушыларды бақылаудан жібермеу, қадағалау туралы.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында (ҚР Әкімшілік Кодексінің баптары) түсіндіру. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басты мақсаттардың бірі екені және оған барынша атсалысу туралы айтылды.

Сонымен қоса, бөлім меңгерушісі Е.Досжанов топ жетекшілерге студенттердің толық сабаққа қатысуы, киім үлгісі, студенттермен тығыз жұмыс жүргізу жұмысын күшейтуді талап етті.

Әр түрлі мәселелер. Бөлім меңгерушісі Е.Досжанов жиналыс соңында әр - түрлі мәселелерге тоқталып, оқытушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

#### Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы бойынша студенттердің сабаққа қатысу үлгерімі мен оқу үлгерімі қатаң қадағалауға алынсын. Сабақтан себепсіз қалатын студенттерді түзету жұмыстары нығайтылсын. Колледжішілік тәртіп қатаң түрде сақталсын.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплаенс-қызмет жұмыс тобының жоспары негізінде өткізілетін жұмыстардың барлығына толық атсалысу қамтамасыз етілсін. Сыбайлас жемқорлық мәдениетін, қағидаларын қатаң сақтау барлық оқытушылар мен студенттерден талап етіледі. Ақша қаражатын жинауға жол бермеу, оқытушыларға студенттердің немесе олардың ата-аналарының бағалы сыйлықтар алуға/сыйлауға қатаң тиым салу туралы 2022 жылдың 26 қыркүйек күні шығарылған №170 бұйрық туралы педагогтарға, білім алушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) таныстыру мәселелері бойынша жұмыстар қатаң қадағалауға алынсын және бөлім меңгерушісі Е.Досжанов пен оқытушы М.Мамырбековаға зерделеу жұмыстары тапсырылсын.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында топ жетекшілеріне және пән оқытушыларына студенттерге және олардың ата-аналарына арналған арнайы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыруға тапсырылып жатқан ақпараттар, бейне/фотоматериалдар, жолдамалар, түсіндірме іс-шаралары толық жеткізілсін және тұрақты жұмыс жалғастыру жүргізілсін.
4. Әрбір берілген тапсырма уақытылы және жауапкершілікпен атқарылсын.

Бөлім меңгерушісі:

Жиналыс хатшысы:

  
Е.Досжанов  
  
М.Мамырбекова

Бөгдөрлөмөлөу  
жөне ақпараттық  
жүйелер бөлімі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ  
ҚАҒАПАТТЫҚ  
ЖҮЙЕЛЕР БӨЛІМІ



